

Үкіметтің және Жоғары аудиторлық палатаның  
есептеріне қатысты  
ҚР Парламенті Сенатының  
пленарлық отырысындағы  
Ұлттық Банктің Төрағасы  
Ғ.О. Пірматовтың баяндамасы,  
Астана қаласы, 2023 жыл, 15 маусым

## **Құрметті Мәулен Сағатханұлы!**

### **Құрметті депутаттар!**

2022 жылы Қазақстанның экономикасы мен қаржы секторы **тегеурінді сын-қатерге** ұшырап, аса жоғары белгісіздік жағдайында дамыды. Геосаяси дағдарыстың салдарынан әлемдік экономиканың өсімі **6,2%-дан 3,4%-ға** дейін баяулады. Ал, инфляция соңғы жылдардағы рекордтық деңгейге жетті.

Осыған байланысты Қазақстандағы экономикалық белсенділік те баяулады. 2021 жылғы **4,3%-бен** салыстырғанда, жалпы ішкі өнім 2022 жылы **3,3%-ға** өсті.

Осыған қарамастан, биыл жыл басынан бері әлемдегі экономикалық белсенділік оң үрдісті көрсетуде. Бұл іскерлік белсенділік индекстерінде көрініп отыр. Біз осы жағдайдың Қазақстанда да орын алғанын байқадық. 5 айдың қорытындысы бойынша жалпы ішкі өнімнің өсімі **4,5%-ға** бағаланды.

Өткен жылы азық-түлік пен шикізат бағасының әлемдік деңгейде өсуінен, жоғары инфляциялық күтулерден және фискалдық ынталандырудан **Қазақстанда инфляция** жеделдей түсті. Әлемдегі **логистикаға** қатысты жағдайдың жақсаруына қарамастан, санкциялар мен батыс елдері компанияларының **Ресейден** кетуі Қазақстанда тауар жеткізу жолдарының қалпына

келуіне кедергі болды. Осы жағдайлар қосымша проинфляциялық қысым көрсетті.

Сөйтіп 2022 жылдың соңында инфляция **20,3%-ға** жетті. Азық-түлік бағасының өсімі инфляцияға едәуір үлес қосты.

Ұлттық Банк инфляцияны тұрақтандыру үшін **инфляциялық таргеттеу** режимін ұстана отырып, **дезинфляциялық монетарлық саясатты** жүргізуде. 2022 жылы Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені **16,75%-ға** дейін көтерді. Базалық мөлшерлеменен қатар теңгедегі активтердің **кірістілігі де өсті**.

Қабылданған шаралар **қаржы жүйесінің тұрақсыздануына жол бермеуге** және теңгедегі активтерге деген сенімді сақтауға мүмкіндік берді.

Валюта саудасының **нарықтық қағидаттарын кеңейту**, Ұлттық Банк **әрекеттерінің транспаренттілігін** арттыру есебінен **валюта нарығының балансы** жақсара түсті. Оны бағамның **екіжақты құбылмалылығынан көруге болады**. Өткен жылдың наурыз айында айырбас бағамы 1 доллар үшін **512** теңгеден жоғары рекордтық мәнге дейін әлсірегеніне қарамастан, жыл соңына қарай **462,7** теңгеге дейін 9,7%-ға нығайды. Осылайша валюта нарығы қалпына келді.

2022 жылы Үкіметпен бірлесіп **Теңгедегі салымдарды қорғау бағдарламасы** іске асырылды. Бағдарлама жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттері бойынша өтемақы төлеуді көздейді. Бөлінген өтемақының жалпы сомасы **306,6** млрд теңгені құрады.

Нәтижесінде теңгедегі салымдар 2022 жылдың

қорытындысы бойынша **21,2 трлн** теңгеге дейін **22%-ға** өсті. Ал долларландыру көлемі **31,6%-ға** дейін төмендеді. Биыл теңгедегі салымдар **21,4 трлн** теңгеге дейін өсті. Депозиттердің долларлануы 30%-дық межеден төмендеп, **29,3%-ды** құрады. Осылайша ол соңғы 15 жылдағы минимумға жетті.

2023 жылдың мамыр айында **жылдық инфляция** біздің болжауымызға сәйкес наурыз айында басталған төмендеу үрдісін жалғастырып, **15,9%-ды** құрады. **Азық-түлік инфляциясы 16,5%-ға, азық-түлікке жатпайтын тауарлар инфляциясы 17,2%-ға, сервистік инфляция 13,5%-ға** дейін баяулады.

Әлемдегі азық-түлік бағасының төмендеуінен және Қазақстанның **сауда-серіктес елдерінде** инфляцияның айтарлықтай баяулауы салдарынан сыртқы сектордың бағаларға қысым көрсетуі біршама әлсіреді. **Фискалдық ынталандыруға, тұрақты ішкі сұранысқа, жоғары инфляциялық күтулерге** байланысты **ішкі факторлардың** проинфляциялық әсері сақталып отыр.

Жүргізіліп отырған ақша-кредит саясаты елдегі инфляцияның одан әрі баяулауына ықпал етеді. Біздің жаңартылған болжамдарымыз бойынша, 2023 жылы **жылдық инфляция 11-14%** шегінде қалыптасып, 2024-2025 жылдары одан әрі баяулайды. **Реттелетін қызметтерге тарифтердің ұлғаюына қарай және жанар-жағармайдың қымбаттауы** баға деңгейіне тікелей және жанама әсер етуіне байланысты **инфляция бойынша болжам өсу** жағына қайта қаралды.

Ұлттық Банк екінші жартыжылдықта **базалық**

**мөлшерлемені бірқалыпты және байыппен төмендету мүмкіндігін қарастырады. Біздің шешіміміз бағалардың нақты өсуінің болжамды бағалауға сәйкес келуіне, жанар-жағармай және тұрғын-үй коммуналдық қызметтері бағасының өсуінен болатын жанама әсерін ескере отырып базалық инфляцияның тұрақты баяулауына, инфляциялық күтулер динамикасына, сондай-ақ 2024-2025 жылдарға арналған бюджетті қалыптастыру кезінде бюджеттік қағиданы сақтауға байланысты қабылданады.**

**\* \* \***

**Құрметті депутаттар!**

**Ұлттық Банк макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және инфляцияны одан әрі төмендету үшін Үкіметпен бірлесіп жұмыс жүргізуді жалғастырады.**

**Назарларыңызға рақмет!**